



18/1-153 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ МЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОП
ТӘЛІМГЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
Е 481-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		төртінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 2 беті

- 1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**
- 2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.**

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3. Жалпы ережелер.....	5
4. Тәлімгерлер Кеңесінің негізгі міндеттері.....	7
5. Тәлімгерлердің негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары.....	7
6. Тәлімгерлер жұмысының негізгі мазмұны.....	8
7. Академиялық топтағы тәлімгер жұмысының құрылымы.....	9
8. Құжат айналым тәртібі.....	11
9. Тәлімгердің құжаттары.....	11
10. Құқықтары мен міндеттері.....	11
11. Жауапкершілігі.....	12
12. Құрылымдық бөлімдермен байланысы.....	13

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы ережеде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, №414- V ҚРЗ;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;
- «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы;
- «Білім туралы» 27.07.2007 жылғы № 319 Заңы;
- ҚР білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 07.07.2000 ж. № 701 бұйрығымен бекітілген);
- ҚР Президентінің Жолдаулары;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 5 беті

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;
- жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;
- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;
- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

ЖСБ - жастар саясаты бөлімі;

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
Акционерлік қоғамы;

ӘШД - әкімшілік-шаруашылық департаменті;

ЖОО - жоғарғы оқу орны;

ТК - тәлімгерлер Кеңесі;

ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Тәлімгерлер кеңесі - тәлімгерлердің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіретін, ЖОО ішлік тәрбие үдерісін басқару жүйесінің бөлігі болып табылатын оқу топтары тәлімгерлерінің қоғамдық бірлестігі болып табылады.

ЖОО-да жоғары білікті маман даярлау оқыту үдерісімен бірге жоғары патриоттық тұлғаны қалыптастыру да кіреді. Бұл жағдайда студенттік академиялық топтың тәлімгеріне үлкен рөл беріледі. Тәлімгердің қызметі студенттің жеке басын тәрбиелеу мен дамытудың жалпы мақсаттарына, сондай-ақ тұтастай алғанда студенттік топтың біліміне бағынады.

Тек білім беру үдерісінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті және қоғамдық-саяси өмірде, өндірістік тәжірибені өту кезінде, ЖОО-нан тыс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 6 беті

жерлерде де («ОҚМА» АҚ аумағынан тыс жерлерде өтетін іс шараларға) тәрбиелеу тәлімгер міндетіне кіреді.

ЖСБ-мен, факультет декандарымен ынтымақтастық тығыз қатынаста болғанда, олардың жұмыс жоспарларына сәйкес жұмыс жасалғанда бір топтың студенттерін бір ұйымға біріктіру сапалы түрде жүзеге асуы мүмкін.

Студенттік академиялық топтың тәлімгері өз қызметінде ҚР Президентінің Жолдаулары, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңын, ҚР Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен), ҚР білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы (ҚР ҒЖБМ 18.05.2020ж. № 207 бұйрығымен бекітілген) сүйеніп жұмыс жасайды. Кафедраның оқытушылары алғашқы курстарда бейімделу процесінің ерекшеліктеріне қарай және жоғары курстарда мамандану циклдарын ескере отырып, факультет декандарының ұсынысы бойынша «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен студенттік академиялық топтардың тәлімгерлері болып тағайындалады немесе босатылады.

Студенттік топтардың тәлімгерлері және курстың аға тәлімгерлері ЖСБ меңгерушісіне, кафедра меңгерушісіне, факультет деканына, Тәлімгерлер кеңесінің төрағасына, «ОҚМА» АҚ Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорға бағынады.

Жастар саясаты бөлімі жанынан Тәлімгерлер Кеңесі құрылады. ЖСБ меңгерушісі Тәлімгерлер кеңесінің мүшесі болады, тәлімгерлердің қызметін бақылайды және оны қадағалайды. Кафедра меңгерушісі кафедрадағы тәлімгерлерге тұрақты түрде басшылық жасап және олардың жұмысын бақылайды. Әрбір кафедрада тәлімгерлік жұмысты жүргізетін аға тәлімгерлер тағайындалады.

Студенттік академиялық топ тәлімгерлерінің жұмысын Тәлімгерлер Кеңесі үйлестіреді. Топта және факультетте тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, Тәлімгерлер Кеңесі тәлімгерлерге көмек көрсетеді. Кафедрада тәрбие жұмысына жауапты маман жылына екі рет (желтоқсан және маусым айында) кафедрадағы тәлімгерлік жұмыс пен тәрбие жұмысы бойынша ЖСБ-ға және факультет Кеңесіне есеп береді.

Тәлімгерлер Кеңесінің құрамы:

- тәлімгерлер Кеңесінің төрағасы;
- тәлімгерлер;
- Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі;
- «ОҚМА» АҚ белсенді студенттері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 7 беті

4 ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Тәрбие жұмысының жоспарын кафедралар мен факультет Кеңесінің ұсынысын ескере отырып, ЖСБ әзірлейді, Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Ғылыми Кеңесте талқылап, бекітеді.

Топ тәлімгерлерінің және аға тәлімгерлердің жұмысын үйлестіруді Факультет Кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

ЖСБ меңгерушісі бақылау жүргізеді:

- топта, курста және факультетте тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша семинарлардың өткізілуіне;
- ЖСБ мен кафедралардың бірлесіп факультетте тақырыптық, мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шаралардың өткізілуіне;
- тәрбие жұмысының психологиясы мен педагогикасы бойынша тәлімгерлердің теориялық, ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруге;
- студенттерді тәрбиелеуге бірыңғай принциптік тәсілдерді енгізуге.

Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі міндетті:

- жаңа тәрбие беру технологияларымен, студенттермен жұмыс істеудің заманауи формаларымен және әдістерімен тәлімгерлерді таныстыруға;
- студенттік ұйымдарда тәрбие беру қызметін жоспарлауға, ұйымдастыруға және педагогикалық талдауды үйлестіруге;
- тәлімгерлердің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерін практикада зерттеуге және пайдалануға;
- студенттік ұйымдардағы тәрбие жұмысының жүйесін қалыптасуына және дамуына жәрдемдесуге;
- студенттік ұйымдардың жұмыс жүргізілуіне ұйымдық талдау мен ұйымдық жоспарлауды ұйымдастыруға;
- тәлімгерлердің тәрбие қызметін үйлестіруге және олардың өзара іс-әрекетін ұйымдастыруға;
- ЖОО студенттерін тәрбиелеу принциптерін үнемі үйлестіруге және өндіруге;
- жаңадан жұмысты бастап жатқан тәлімгерлердің жұмысына көмек беруге;

Факультеттегі тәрбие жұмысына декан жауапты болады. Факультет кеңесінде тәрбие жұмысы мен тәлімгерлік жұмыс бойынша мәселелерді талқылайды.

5 ТӘЛІМГЕРЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

5.1 Тәлімгердің негізгі міндеттері мен бағыттары:

- өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі анықтауға көмектесу мақсатында студенттің жеке басын, оның қажеттіліктерін, мүдделерін зерттеу;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 8 беті

- студенттермен жеке жұмыс жүргізу;
- әлеуметтік маңызды білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік білімді меңгеру үрдісін ұйымдастыру және басқару;
- студенттердің моральдық дамуының шарты ретінде студенттік ұйымда мейірімділік атмосферасын құру;
- ұйымдық жұмыс пен қатынасты ұйымдастыру.

5.2 Әрбір тәлімгер студент жастарға тәлімгер ретінде өз жұмысын жүргізу мен жоспарлау кезінде маңызды фактілерді түсінуі және есте сақтауы тиіс: оқытушының беделі, адамдар мен еңбекке деген жеке қатынасын үлгі ету ең басты және керемет сәттің бірі болып табылады. Сондықтан, тәлімгер талапшыл, табанды, дипломатты, борыш сезімді, әдептілік көрсету, ұқыпты, мәдениетті, эрудициялы, педагогикалық және ғылыми шеберлік, еңбек пен әлеуметтік тәртіпті қатаң сақтауға, талапшыл, ұқыпты, мейірімді, қарапайым және т.б. болуға міндетті.

5.3 Тәлімгерлік жұмыста үлкен практикалық тәжірибесі бар оқытушылар тиісті кездесулерде және активтерде өз әріптестерінің (әсіресе жастардың) тәжірибесі, әдістері мен құралдарын, тәлімгерліктің «құпияларымен», оқу үдерісін оңтайландыру және оқу процесін жандандыру бойынша медициналық жұмыстарының жинақтарында, оқу орнының газет беттерінде тәжірибе алмасулары керек.

5.4 Тәлімгер өзі жетекшілік ететін академиялық топтардағы тәрбие жұмысына жауап береді.

5.5 Тәлімгер білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

5.6 Тәлімгер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

6 ТӘЛІМГЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Студенттермен тәрбие жұмысын жүргізу тәлімгер жұмысында маңызды рөл атқарады. Әрбір тәрбиеленушінің ерекшеліктері міндетті түрде тәлімгерінің назарында болуы керек. Ол тұлғааралық қатынасты, әрбір студенттің мінез-құлық мүдделерін зерттеуді, сондай-ақ оның отбасылық жағдайы мен сабақтан тыс қарым-қатынасын зерттеуді қарастырады. Бұл тәлімгер мен студенттің тікелей байланысын білдіреді.

ONȚUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Е 481-2026	
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 9 беті

Тәлімгер өзіне бекітілген академиялық топтағы әрбір білім алушының жеке мәліметтерін (паспорттық деректерін, тұрғылықты және тіркелген мекенжайын, отбасы құрамын, ата-анасының жұмыс орны мен қызметін және т.б.) толық білуге және бұл ақпараттарды Y-481-001-2026 үлгілік нысанына сәйкес бекітілген «Тәлімгер күнделігінде» (А қосымшасы) уақытылы көрсетуге міндетті.

Студенттік ұйыммен жұмыс істегенде, ең алдымен тәлімгер, төменгі курс топтарынан көшбасшыларды анықтауы керек, топтағы, курстағы белсенділерді қалыптастыруға көмектесу, сондай-ақ студенттермен бірлесіп құрылған қағидалар бойынша студенттік өзін-өзі басқару ұйымының дамуына жәрдемдесу қажет. Факультет деканы мен кафедра отырысында қарастырылған және бекітілген жоспар бойынша сапалы түрде оқу-тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды болып табылады. Әрбір тәлімгер жоспарды бүкіл оқу жылына арнап құрастыруы керек. Жоспарда көлемі көрсетілген орындалатын іс-шаралардың нақты тізімі көрсетілуі тиіс, оның ішінде белгілі топқа есептелген, студенттердің білім алу ерекшеліктері, жасы, жынысы, жеке қабілеттері, қызығушылықтары, бейімділігі міндетті түрде қарастырылған болуы тиіс.

Интегралды GPI бойынша тәлімгер өз тобындағы әлеуметтік бағалауға толығымен ықпал етеді.

Топ студенттеріне Интегралды GPI қағидасын түсіндіреді және олардың интегралды GPI дер кезінде толтыруын қадағалайды.

Әрбір студенттік академиялық топқа арналған тәлімгерлік жұмыстың жоспарын әзірлеу кезінде «Ұйымдастыру жұмысы», «Үлгерім мен сабаққа қатысу», «Студенттердің шығармашылық тәрбиесі», «Дамытатын іс-шараларды ұйымдастыру», «Сауықтыру-спорттық жұмыс» секілді негізгі бөлімдерді қосу қажет. «Студенттердің материалдық-тұрмыстық жағдайы» бөлімі де өз орнын тауып, тәлімгерлердің жоспарында көрсетілуі керек.

Тәлімгер жоспарланған іс-шараларды қатаң түрде орындауға әрекет жасауы тиіс.

7 АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОПТАҒЫ ТӘЛІМГЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жетекшілік ететін топтың тәрбие жұмысының жоспарларында әрбір тәлімгер ай сайын төмендегі мәселелерді қарастыруы керек:

- бекітілген топ студенттерінің үлгерімі және сабаққа қатысуы;
- студенттер арасында патриоттық, идеологиялық тәрбие және ұлттың бірлігін нығайту;
- жас таланттарды қолдау және дамыту, студенттер арасында азаматтық қатысу деңгейін және көшбасшылық дағдыларын арттыру;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 10 беті

- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- студенттердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.

Тәрбие жұмысының жоспарындағы «Патриоттық сананы қалыптастыру» бағытында:

- қазақстандық патриотизм сезімін көтеруге, патриоттық құндылықтарға саналы оң қарым-қатынасты, белсенді азаматтық ұстанымды іске асыруға ұмтылуды қалыптастыру, идеялық-саяси тәрбиелеуі керек;
- жастардың санасына патриотизм – өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін сіңіруі керек.

«Рухани-адамгершілік даму» бағытында:

- рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану, адамгершілік-мәдени, эстетикалық және этномәдени тәрбиелеуі керек;
- ұйымдастыру дағдылары және жетекшілік қасиеттері бар студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, талантты жастарды қолдауы қажет;
- адам өмірінің құндылықтарын және әр адамның ерекшелігін түсіну, дәстүрлі көзқарас пен дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған әлемнің көптүрлілігін және өз өміріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу, көшбасшылық қабілет деңгейін арттыруы керек.

«Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу» бағытында:

- Қазақстан халықтарының ассамблеясымен жұмыс жасау бойынша студенттер мен оқытушылар құрамы арасында ұлттар бірлігін нығайту. Ұлттық құндылықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеуі керек;
- жастардың бойында ұлттық мәдениет пен тілді дамыту үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуі керек.

«Құқықтық тәрбие» бағытында:

- құқық бұзушылықтың алдын-алу және құқықтық қарым-қатынастарға бағытталған азаматтық тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті және құқықтық сананы жетілдіру, заңды іс-әрекетке саналы түрде ұмтылуға баулу, заңға мойынұсынушылыққа тәрбиелеуі керек.

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағытында:

- жастардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну, дене тұрғысынан жетілу, спорттың жалпылық түрлерін (көпшілік түрлерін) дамытуы қажет.

«Жастар бастамаларын қолдау» бағытында:

- жастардың тұлғалық және кәсіби дамуы үшін іскерліктер мен дағдыларды алуына, қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ өз өңіріндегі қоғамдық өмірге белсене қатысуына көмек көрсетуі керек.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 11 беті

«Тәрбие жүйесін жетілдіру» бағытында:

- тәлімгерлердің кәсіби құзыреттілігі мен біліктілігін арттыруы керек.

«Ақпараттық-насихаттау жұмысы» бағытында:

- «ОҚМА» АҚ және студент жастардың жетістіктерін кең көлемде БАҚ-да жариялауы керек.

8 ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМ ТӘРТІБІ

8.1 Ағымдағы оқу жылына арналған ТК жұмыс жоспары тәлімгерлер тағайындалғаннан кейін кешіктірілмей Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі.

8.2 ТК-нің атқарған жұмыстары туралы есебі (жартыжылдық және жылдық) ТК-де талқыланып, Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі.

9 ТӘЛІМГЕРДІҢ ҚҰЖАТТАРЫ

9.1 Әрбір студенттің туылған жылы, мекенжайы, жүктелген қоғамдық тапсырмалар туралы ақпарат, топтарға, үйірмелерге және т.б. қатысатын топ студенттерінің тізімі болуы тиіс.

9.2 Материалдық жағдайы туралы ата-аналарының мәліметі.

9.3 Тәлімгердің жылдық жоспарлары мен жарты жылдық және жылдық есептері.

10 ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

10.1. «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) міндетті:

- білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға;

- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға.

10.2 Тәлімгерлер Кеңесін оқу орнының басшысы ұсынған ТК-нің төрағасы басқарады.

10.3 ТК төрағасы құқылы:

- өз қызметінде қолдану мен танысу үшін бөлімге қатысты «ОҚМА» АҚ келіп түскен құжаттар мен басқа да хабарлама материалдарын алуға;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 12 беті

- қызметтік міндеттерді орындауға қажетті ақпараттар мен құжаттарды деканаттар мен «ОҚМА» АҚ бөлімшелерінен өзі немесе тікелей басшының тапсырмасы бойынша сұрауға;
- студенттермен тәрбие жұмысын жетілдіру және студенттерге оқу мен демалысты ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- үздік тәлімгерлерді марапаттау бойынша ұсыныстар енгізуге.

10.4 Тәлімгерлер Кеңесінің төрағасы:

- ТК жұмысын жүргізуге, талдауға, дайындауға, жоспарлауға жауап береді;
- өткізілген іс-шаралар мен Кеңестің жұмысы туралы құжаттарды уақтылы толтыруға, жүргізуге жауапты;
- ЖСБ меңгерушісімен бірге тәрбие жұмысын ұйымдастыру принциптерін сақтауға, тәлімгерлердің функционалдық міндеттерін орындауына, тәрбие жұмысының ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыруға, тәлімгерлердің психологиялық-педагогикалық дайындығын жетілдіруге жауапты;
- ТК мүшелері мен академияның басқа бөлімшелерінің өзара әрекеттесуін ұйымдастырады;
- әртүрлі формада конференциялар, семинарлар, ашық сабақтар, ТК отырыстарын ұйымдастырады;
- тәлімгерлердің алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибесін тәжірибе жүзінде зерттеу, жинақтау және пайдалануды ұйымдастырады;
- тәлімгерлерге тәрбие жұмысы бойынша кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырады;
- студенттік ұйымдардағы тәрбие қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және педагогикалық талдауды үйлестіреді;
- студенттік ұйымда тәрбие жұмысының жүйесін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

10.5 Академиялық топ тәлімгері құқылы:

- академияшілік тәртіпті сақтау, студенттердің үлгерімі мен сабаққа қатысу бойынша сөйлесу үшін ата-аналарын шақыртуға;
- жазалау мен марапаттау үшін жазбаша түрде өз ойын білдіруге;
- материалдық көмекке мұқтаж студенттерге көмек беру бойынша бөлім меңгерушісіне, деканға, жауапты бөлімге ұсыныс беруге;
- студенттердің салтанатты шараларына қатысуға;
- сайлау мекемелеріндегі сайлауға үздік студенттердің кандидатурасын ұсынуға.

11 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11.1 Осы Ережеде көрсетілген қызметтік міндеттерін дұрыс емес немесе кешіктіріп орындаған жағдайда ТК төрағасы жауапты болып табылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 13 беті

11.2 ТК төрағасы жеке жауапты:

- Кеңеске жүктелген міндеттер мен тапсырмаларды орындауға;
- ТК жұмысын ұйымдастыруға, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың тапсырмаларын, бұйрықтарын, өкімдерін уақтылы және сапалы орындауға;
- ТК туралы статистикалық және өзге де сенімді статистикалық ақпараттарды ұсынуға;

11.3 «ОҚМА» АҚ тәрбие жұмысы бойынша іс жүргізуге ТК төрағасы жауапты;

11.4 Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.


Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

12 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Осы Ережеде көрсетілген қызметтерін атқару мен құқықтарын жүзеге асыру үшін ЖСБ бірге жұмыс істейді:

- факультет декандарымен, студенттік өзін-өзі басқару органдарымен, студенттік спорттық клубтармен, кафедралармен, «ОҚМА» АҚ жатақханасымен;
- ЖСБ қызметтік міндеттері мен құқықтарын жүзеге асыру бойынша академияның барлық бөлімшелерімен;
- ӘШД.

Тәлімгерлер Кеңесінің құрылымы



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 481-2026
Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже		4-ші басылым 14 беттің 14 беті

Өзірлеген:

Қызметі	Аты -жөні
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.Ұ.Анартаева
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Интернатура деканантың деканы	Қ.С.Кемелбеков
Фармация факультетінің деканы	Қ.Е.Арыстанбаев
Медицина факультетінің деканы	А.А.Сейдахметова
Медицина колледжінің директоры	А.М.Кушкарлова
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	29.05.2026, 13:25:45	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 14:36:38	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	29.05.2026, 13:55:07	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СПАТАЕВА ГУЛЬНАРА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	29.05.2026, 15:55:43	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СӘЛІМ ЕРБОЛ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Кемельбеков Канатжан Сауханбекович	Согласовано	29.05.2026, 15:05:16	Без замечаний	
Арыстанбаев Куттыбек Есенгельдиевич	Согласовано	29.05.2026, 14:49:02	Без замечаний	
Сейдахметова Айзат Ашимхановна	Согласовано	29.05.2026, 13:58:30	Без замечаний	
Кушкарова Алтыншаш Мухаметкалиевна	Согласовано	29.05.2026, 14:50:16	Без замечаний	
Пернебаев Нурғали Аліханович	Согласовано	29.05.2026, 17:09:33	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ПЕРНЕБАЕВ НУРГАЛИ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед

--

Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 17:10:10	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 17:10:18	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

